

«БЕКІТЕМІН»

«Жетісу облысы білім басқармасының  
Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» ММ  
«№2 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
меңгеруші Е.Жаксыбекова

« 21 » 08 2024ж.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 -2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс- әрекеттің перспективалық жоспары  
«Қарлығаш» ересек тобы**

**Қазақ тілі пәні мұғалімі Тельтаева Самал Сарсенбаевна**

**Білім беру ұйымы:** «Жетісу облысы білім басқармасының Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 бөбекжай-балабақша» МКҚК

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қазақ тілі

№	Мерзімі	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Қыркүйек	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге баулу.</p>
2	Қазан	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p>

		<p>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын "емес" шылауын қолдана білуге үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Балалардың өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға баулу.</p>
3	Қараша	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p>Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Құстардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Балаларға бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
4	Желтоқсан	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p>Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын</p>

		<p>қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p>
5	Қаңтар	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу.</p>
6	Ақпан	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: "қойшы", "жылқышы", "түйеші", "сиыршы" аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p>

		Балалардың өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.
7	Наурыз	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Туыстық қарым-қатынасты ("сіңлі", "жеңге", "жезде", "нағашы", "жиен", "бөле") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
8	Сәуір	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p>

		Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
9	<b>Мамыр</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, өз ойын еркін жеткізуге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға баулу.</p>